

**Азаматтық қорғау органдарының
жұмысы мәселесі бойынша
Қоғамдық кеңес отырысының № 3 хаттамасы**

Астана қ.2023 жылғы 11 тамыз

Откізу орны: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кеңес залы (Мәңгілік ел даңғылы, 8, 10 қабат)

Төрағалық еткен: Д.Д. Сатылғанов

Азаматтық қорғау органдарының жұмысы мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінен қатысқандар: С.Д.Шәріпханов, М.К. Искаков, Е.Ж.Бахаев, Е.А.Баймөлдинов, Н.Н.Токсанов, Қ.Е.Кыстаубаев, М.С.Қайсанов, Қ.А.Мейрамов, В.В.Овчинников.

Бейне конференцбайланыс режимінде: С.А. Заитова, К.М.Малыгин, Д.Г.Масягин, Ф.Л.Мордвинкин, К.Е.Дүйсенов, Е.К.Закариянов, А.Ж.Дұрысбеков.

Қатыспағандар: Д.Т.Данаев, Е.Т.Мұхамеджанов, Д.К.Әлімбаева, П.И.Беклемешев, Д.Ысқақ, Н.Б.Дербісов

Шақырылғандар: Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасының міндетін атқарушы Д.А. Титов

Күн тәртібінде:

1. Қоғамдық кеңес құрамы туралы;
2. Өрттерді сөндіруді ұйымдастыру ережелерін бұзу мен 2020-2022 жылдары өрттерде қызметкерлердің опат болу фактілері бойынша. Себептері, тергеу нәтижелері, қорытындылар мен әрбір жағдай бойынша нәтижелер. Мәселелерді шешу жолдары.

«Әр түрлі» сұрағы бойынша күн тәртібінің үшінші сұрағын **енгізу ұсынысымен Қоғамдық кеңес мүшесі С.А. Заитова сөз сөйледі.**

С предложением о включении в повестку дня третьего вопроса «Разное» выступил член Общественного совета Заитова С.А.

Аталмыш ұсыныс макұлданды.

1. Қоғамдық кеңес құрамы туралы

(Д.Д. Сатылғанов, С.А.Заитова, Н.Н.Токсанов)

1. Мемлекеттік органнан уәкілдегендегі ететін Қоғамдық кеңес мүшелерінің (Ю.В. Ильин, Н.Қ. Мақажанов) құзыреті аяқталғанға байланысты Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелері таныстырылды: **Сырым Дүйсенғазыұлы Шәріпханов – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Елухан Әділханұлы Баймөлдинов – Министрліктің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитететінің төрағасы.**

2. Қоғамдық кеңес құрамынан Министрлік Комитеттерінің барлық өкілдерін алып тастау үсіненесімен Қоғамдық кеңестің мүшесі С.А. Заитова сөз сөйлемеді.

Аталмыш үсіненесі мақұлданған жок.

2. Өрттерді сөндіруді ұйымдастыру ережелерін бұзу мен 2020-2022 жылдары өрттерде қызметкерлердің опат болу фактілері бойынша.

Себептері, тергеу нәтижелері, қорытындылар мен әрбір жағдай бойынша нәтижелер. Мәселелерді шешу жолдары.

(Қоғамдық тындаулар)

(Д.Д.Сатылғанов, Д.А.Титов, Н.Н.Тоқсанов,
С.А.Заитова, К.М.Малыгин, М.С.Қайсанов, Қ.Е.Қыстаубаев, Д.Г.Масягин, Е.К.Закариянов)

1. Өртке қарсы қызмет комитетіне Қарулы күштер нысандарында өрттерді сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызметті жұмылдыру бойынша халықаралық тәжірибелі талдауын жасау. Талдау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына мемлекеттік қртке қарсы қызметті жұмылдыру бойынша өзгерістер енгізу.

2. Жоғарыда аталған талдауды Қоғамдық кеңеске танысу үшін жолдау.

3. Министрлікке Өртке қарсы қызмет комитетіне жоғары қабатты, адамдар жаппай жиналатын ғимараттардың жобалық құжаттарын қарастыру және пайдалануға қабылдау жөніндегі құзыреттілікті қайтару бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі алдында мәселені көтеру.

4. Өртке қарсы қызмет комитетіне барлық Республикалық өрттердің алдын-алу жоспарларын Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекіту мүмкіндігін қарастыру.

Қарастыру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңесті таныстыру.

5. Министрлікке, Өртке қарсы қызмет комитетіне кезекшілік қызметтегі өртке қарсы қызмет қызметкерлерін тамақтандыруды қамтамасыз етуді нормаларын енгізу бойынша жұмыс жүргізу.

3. Әр түрлі

(С.А.Заитова, Н.Н.Тоқсанов)

Қоғамдық кеңес хатшысына Министрліктің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің тәрағасын Қоғамдық кеңестің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Комиссияның берген үсіненесімен таныстыру(12.06.2023 жылғы шығыс № 23/042; 12.06.2023 жылғы шығыс № 23/043).

**Азаматтық қорғау органдары
жұмысының мәселері бойынша
Қоғамдық кеңестің тәрағасы**

Д. Сатылғанов